



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 249–
265
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP 03.09.31/ МРНТИ 03.09.31/ IRSTI 03.09.31
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_249-265

ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ-XX Ғ. БАСЫ)

Нұржігіт Момынбекұлы Абдукадыров^{1*}, Сафура Сапарғалиқызы Қалдыбаева², Ақнұр Смаилқызы Көбесова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD, доцент

*Автор-корреспондент
<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871> E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
<https://orcid.org/0000-0003-4582-1614> E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
(Төле би көшесі 62, 080000 Тараз, Қазақстан Республикасы)
Аға оқытушы
<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Осман империясы мен Орта Азия хандықтары арасында саяси, экономикалық байланыстар орта ғасырлардан қалыптасты. Ал, Жаңа заманда мәдениет, оқу-ағарту және исламдық білім беру саласында байланыстар орнады. Мақалада, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Осман мемлекеті мен Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары арасындағы оқу-ағарту саласында ынтымақтастықтың тарихы қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеу жұмысының мақсаты аталған кезеңде Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтары арасында сауат ашу, білім беру, оқу-ағарту салалары бойынша ынтымақтастығын тарихи тұрғыдан зерттеу болып табылады. Мақалада қойылған ғылыми міндеттер Осман билігінің ортаазиялық түркі-мұсылман халықтарын мәдениет пен ағартушылық бойынша байланыстарын ғылыми талдау жасаумен сипатталады. *Материалдар мен әдістер.* Ғылыми жұмыста тарих ғылымының қалыптасқан дәстүрлі әдістері мен принциптері негізге алынды. Зерттеу жұмысында архив материалдары, құжаттар жинақтары және жекелеген тұлғалардың естеліктері мен осы типтегі материалдар қолданылды. *Нәтижелер.* Осман билігінің Түркістан халықтарына деген қарым-қатынасына өзіндік баға берілді. Оқу-ағарту салаларында Осман империясының Орта Азия мұсылмандарына қатысты ұстанған діни-идеологиялық саясатына талдау жасалды. Анадолы мен Орта Азия халықтарының осы саладағы өзара ынтықтастығы дамуына қатысты жаңа ой-тұжырымдар қалыптасты. *Қорытынды.* Ғылыми мақаланың зерттеу нәтижелері

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Осман мемлекеті мен Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары арасында оқу-ағарту саласы бойынша ынтымақтастықтың тарихын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер. Осман мемлекеті, Орта Азия, Түркістан, оқу-ағарту, білім, мәдениет.

Дәйексөз үшін: Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Кобесова А.С. Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтары арасында оқу-ағарту саласындағы ынтымақтастық (XIX ғ. соңы-XX ғ. басы). // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 249–265-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_249-265

ИНТЕГРАЦИЯ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МЕЖДУ ОСМАНСКИМ ГОСУДАРСТВОМ И НАРОДАМИ СРЕДНЕЙ АЗИИ (КОНЕЦ XIX В. – НАЧ. XX В.)

Нуржигит Момынбекович Абдукадыров,¹ Сафура Сапарғалиевна Калдыбаева,² Акнур Смаиловна Кобесова³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)

PhD, доцент

<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871> E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

* Автор корреспонденции

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)

<https://orcid.org/0000-0003-4582-1614> E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

³Таразский университет имени М.Х. Дулати.

(ул. Төле би 62, 080000 Тараз, Республика Казахстан)

Старший преподаватель

<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Абдукадыров Н., Калдыбаева С., Кобесова А., 2026

Аннотация. *Введение.* Политические и экономические отношения между Османской империей и среднеазиатскими ханствами установились еще в Средние века. В эпоху Нового времени были установлены контакты в сферах культуры, образования и исламского просвещения. В статье рассматривается история сотрудничества в области образования между Османской империей и тюрко-мусульманскими народами Средней Азии в конце XIX и начале XX веков. *Цель и задачи.* Целью научной работы является изучение истории сотрудничества между Османским государством и народами Средней Азии в области обучения и образования. *Материалы и методы.* Научная работа основывалась на устоявшихся традиционных методах и принципах исторической науки. В исследовании использовались архивные материалы, собрания документов, мемуары отдельных лиц и аналогичные материалы. *Результаты.* Оценено доброжелательное отношение османской власти к народам Туркестана. Проанализирована религиозно-идеологическая политика Османской империи в отношении мусульман Средней Азии в сфере образования. Сформулированы новые идеи относительно развития взаимного сотрудничества между народами Анатолии и Средней Азии в этой области. *Выводы.* Результаты исследования, представленного в научной статье, позволяют глубоко понять историю сотрудничества в сфере образования между Османской империей и тюрко-мусульманскими народами Средней Азии в конце XIX в. и начале XX в.

Ключевые слова: Османское государство, Средняя Азия, Туркестан, просвещение, образование, культура.

Для цитирования: Абдукадыров Н.М., Калдыбаева С.С., Кобесова А.С. У.Х. Интеграция в сфере образования между Османским государством и народами Средней Азии (конец XIX в. – начало XX в.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 249–265. [на казахском.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_249-265

INTEGRATION IN THE SPHERE OF EDUCATION BETWEEN THE OTTOMAN STATE AND THE PEOPLES OF CENTRAL ASIA (LATE 19TH CENTURY – EARLY 20TH CENTURY)

Nurzigit Abdukadyrov,^{1*} Safura Kaldybayeva,² Aknur Kobesova³

¹Al-Farabi Kazakh National University, (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan) PhD, associate prof.

<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

*Corresponding author

²Al-Farabi Kazakh National University, (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan)

<https://orcid.org/0000-0003-4582-1614> E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

³Taraz University M.Kh. Dulati (Tole bi street, 62, 080000 Taraz, Republic of Kazakhstan)

Senior Lecturer.

<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Abdukadyrov N., Kaldybayeva S., Kobesova A., 2026

Abstract. *Introduction.* Political and economic relations between the Ottoman Empire and the Central Asian khanates were established in the Middle Ages. In the New Age, contacts were established in the fields of culture, education and Islamic enlightenment. The article examines the history of cooperation in the field of education between the Ottoman Empire and the Turkic-Muslim peoples of Central Asia in the late 19th and early 20th centuries. *Purpose and Objectives.* The aim of the scientific work is to study the history of cooperation between the Ottoman state and the peoples of Central Asia in the field of training and education. *Materials and Methods.* The scientific work was based on established traditional methods and principles of historical science. The study used archival materials, document collections, memoirs of individuals and similar materials. *Results.* The warm attitude of the Ottoman government towards the peoples of Turkestan is assessed. The religious and ideological policy of the Ottoman Empire towards the Muslims of Central Asia in the field of education is analyzed. New ideas are formulated regarding the development of mutual cooperation between the peoples of Anatolia and Central Asia in this area. *Conclusions.* The results of the research presented in this scientific article provide a profound understanding of the history of educational cooperation between the Ottoman Empire and the Turkic-Muslim peoples of Central Asia in the late 19th and early 20th centuries.

Keywords: Ottoman state, Central Asia, Turkestan, Enlightenment, Education, Culture.

For citation: Abdukadyrov N.M., Kaldybayeva S.S., Kobesova A.S. Integration in the sphere of Education between the Ottoman State and the Peoples of Central Asia (late 19th century – early 20th century) // *Otan tarihy*. Vol. 29. No 1. Pp. 249–265. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_249-265

Кіріспе. XIX ғасырдың 60-70 жылдары мен XX ғасырдың алғашқы ширегі халықаралық қатынастар жүйесінде әлемдік державалар мен мемлекеттер арасында, сондай-ақ тарихи-этникалық шығу тегі жақын және ортақ халықтар арасында жан-жақты байланыстар дамыған кезең ретінде тарихқа енді. Осындай байланыстардың бір тармағы ретінде аталған кезеңдегі Осман түркілерінің Орта Азияның түркі-мұсылман халықтарымен саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда өзара жақындасуын айтуға болады. XIX ғасырдың 60-70 жылдары Осман билігі империядан тыс жерлердегі түркілерді өз бақылауында ұстауды қолға алды. Бұл кезде басты аймақтар Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы түркі халықтары болып, олармен байланыстар жиіледі. Бұның негізгі себебі, Орта Азияны Ресейдің өте жылдам қарқынмен жаулап алуы, ал Шығыс Түркістанды Цин империясының иеленуі болды. Жалпы, Орта Азия хандықтары мен Османлы мемлекетінің қатынастары бұрынғы кезде тұрақты жүргізілсе, енді бұл байланыстарға орыстар мен қытайлар кедергі келтірді. Бұл кезеңде Осман империясы еуропалық империялардың қысымынан саяси және экономикалық дағдарыс жағдайында отырғандықтан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды Ресей мен Қытайдан күшпен тартып алуға қауқарсыз еді. Дегенмен, осман билігі Ресей және Цин империясының қоластында

қалған түркі-мұсылман халықтарымен байланысты үзбеді. Ол үшін үкіметаралық келіссөздер жүргізіп, өзара байланыстың көздерін тапты.

XIX ғ. Ресейде және Еуропада түркітанулық зерттеулердің дамуы Осман мемлекетінде түрік зиялылары арасында Түркістанға деген этникалық бірлік сезімін күшейтті. Олар өздерінің тарихи отаны қазіргі Орталық Азия екенін және ондағы халықтардың өзідерімен туыс екенін терең түсінді. Мемлекет пен қоғамда Түркі және Ислам бірлігі идеясы кең таралды. Осыған орай Осман билігі ортаазиялық түркілермен діни-идеологиялық және түркілік мазмұндағы байланыстар орнату қажет деп тауып, сол арқылы Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарын өзіне жақын ұстауға тырысты. Бұл үшін XIX ғ. II жартысында басталған Панисламизм идеологиясы мен оған кейіннен қосылған Пантүркизм идеологиясы жұмыс істеді. Панисламизм діни бағытта, ал Пантүркизм зайырлы формада әрекет етті. Аталған екі идеологияның аясында аймақ халықтары арасында саяси, діни-идеологиялық, әлеуметтік және мәдени қатынастар орын алды. Әлеуметтік және мәдени байланыстардың аясында оқу-ағарту саласында да өзара ынтымақтастық процестері жүзеге асты. Атап айтқанда, Осман мемлекеті Орта Азия халықтары арасында діни білім алуға қолдау білдірді, сауат ашу мектептерін ашты, әр түрлі бағыттағы кітаптар әкелінді, Түркістан өлкесі мен Бұхара аумағына түрік ұстаздары келді. Бұдан тыс, Түркістан мен Дала өлкесінен және Бұхарадан Осман мемлекетіне барып жастар білім алды. Қажылық күшейтілді, қажылардың саны артты. Мұның бәрі ақыры жәдитшіліктің бастауына ұласты. Оның аясында оқу-ағарту және білім беру саласында өзіндік модернизация жүргізілді.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін отандық тарих ғылымында түркі мемлекеттері мен халықтарының өзара байланыстары мәселесіне арналған зерттеулер аса өзекті бола түсті. Соңғы жылдары отандық ғылымда Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтарының өзара байланыстар тарихын зерттеу жұмыстары күн тәртібіне ілінді. Бұл бағыттағы зерттеулер өзінің жаңашылдығымен және маңыздылығымен өзекті саналады. Түркілер өркениеті тарихында аса қуатты империялардың бірі саналған, діни, рухани және дәстүрлік мұрасы бай Осман мемлекеті мен Орта Азияның түркі халықтары арасындағы әлеуметтік, мәдени-рухани байланыстар жаңа ғылыми зерттеулерге бастама болатыны даусыз. Солардың бір тармағы – Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтарының оқу-ағарту саласындағы байланыстар тарихын зерттеу жұмыстары мәдени-рухани және панисламистік идеологияны терең танып-білуге мүмкіндік береді. [Сулейманова, 2017: 54-55]. Демек, Осман билігінің Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарымен оқу-ағарту және діни білім беру бағытында қалыптасқан өзара ынтымақтастық пен ықпалдастықты зерттеу айрықша тарихи мәнге ие.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының ғылыми міндеттері орындауда және зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында бірқатар деректер мен деректік құндылығы терең болған материалдар қолданысқа түсті. Олар архив материалдары, құжаттар жинақтары және естеліктер мен т.б. мәліметтер болды. Зерттеу жұмысында деректік материалдар ретінде Түркия Республикасының Османлы архивінің материалдары пайдаланылды. Осман империясының империялық басқару жүйесінің қызметі жайлы мәлімет беретін және осман билігінің Орта Азия түркі-мұсылман халықтарына қатысты болған материалдар интерпретацияланды. Осы орайда материалдарға анықтама берсек, ең негізгі және мазмұны жағынан бай дереккөздердің бірі – «Диван-и Хумаюн» (Dîvân-ı Hümâûn – Үкімет аппараты) каталогы болып табылады. Аталған каталог Османлы архивіндегі ең көлемді құжаттар кешендердің қатарына кіреді және түрлі қорлар бойынша жүйеленген. Қордың мұншалықты ауқымды болуына себеп – оған мемлекеттік басқару жүйесіне, үкімет құрылымына, ішкі әкімшілік органдарға, ішкі саясатқа, экономикалық мәселелерге, сондай-ақ сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарға байланысты құжаттардың жинақталуында. Осман мемлекетінде кеңсе ісі жоғары деңгейде дамып, мемлекеттік іс-қағаздар үздіксіз жүргізіліп отырғаны белгілі. Осман билеушілерінің ресми жазбалары тұрақты түрде сақталып келген. Атап айтқанда, Бірінші және Екінші Конституция дәуірлеріндегі империяның ішкі саясатына байланысты ең маңызды қорлардың бірі – Ішкі істер министрлігі (Дахилие Назирие) құжаттары болды [BOA, HR. SFR]. Ал осы кезеңдердегі сыртқы саясатқа қатысты материалдар Сыртқы істер министрлігінің (Харижие Назирие) қорларында сақталған [BOA, DH. ŞFR].

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін және қойылған ғылыми міндеттерді орындау мақсатында ҚР ОМА материалдары пайдаланылды. Архив қорларында Орта Азия аумағына Дала өлкесі мен Түркістан өлкесіне жергілікті халық арасында мұсылманша сауат ашумен айналысқан дін саласының мамандары мен молдалардың қызметіне қатысты мәліметтер зерттеу тақырыбы бойынша құнды

материалдар қатарында саналады. Бұдан тыс әр түрлі құжаттар жинақтарының мәліметтері деректік материал ретінде қолданысқа тартылды.

Зерттеу тақырыбының методологиялық негізі ретінде ең алдымен, қазіргі отандық тарих ғылымында қалыптасқан дәстүрлі және заманауи методология басшылыққа алынды. Бағыттар мен ғылыми ұстанымдар негіздеме ретінде алынды. Ғылыми жұмыста негізгі әдістердің бірі объективті талдау арқылы тәуелсіз ғылыми тұжырым жасау болды. Қолданыстағы дәстүрлі методологияға сүйене отырып алынған ғылыми нәтижелер де осы жұмыста көрініс тапты. Зерттеу барысында тарих ғылымында кеңінен қолданылатын тарихи-салыстырмалы, тарихи жүйелеу және тарихи-типологиялық сынды әдістер пайдаланылды. Соның нәтижесінде ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында Орта Азияда кең тараған мұсылманша сауат ашу жұмыстарында түріктермен өзара орнатқан ынтымақтастықтың болғанына көз жеткізілді.

Бұл зерттеуде Османлы мемлекетінде Орта Азияға қарай бағытталған исламдық және түркілік идеология мен мәдениет тек теориялық құбылыс ретінде ғана емес, белгілі бір процесс ретінде қарастырылады. Теориялық тұрғыдан қарағанда ол билік пен саяси элиталардың күш-қуатын айқындайтын идеялар, құндылықтар мен тұжырымдар жүйесі ретінде түсіндіріледі. Ғылыми жұмысты даярлауда тарихи құбылыстар мен процестер себеп-салдарлық және уақыттық байланыста қарастырылып, тарихилық, жан-жақтылық, бірізділік принциптері негізгі методологиялық ұстаным ретінде қабылданды. Осының негізінде түркі халықтары арасындағы оқу-ағарту мен сауат ашудағы үрдістерді анықтау мүмкіндігі туды. Сондай-ақ, тақырыпты зерттеуде пәнаралық әдістер де басшылыққа алынды. Атап айтқанда, империялық, исламдық және түркілік идеялардың қоғамдық санада көрініс табу мәселесін қарастыру барысында элеуметтік психология әдістері қолданылды. Осыған сәйкес, зерттеудің теориялық негіздерін шартты түрде «тарихи феноменология» деп те атауға болады. Тарихи феноменологияға сүйенген түсіндіру тәсілдері зерттеушінің зерттеу шекарасын айқындап, оқу-ағарту саласының өзара байланыстардың бір бағыты етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

Талқылау. Зерттеу тақырыбына, яғни Осман империясы мен Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтары арасындағы мәдени интеграцияның трансформациялану үдерісіне қатысты ғылыми еңбектерді талдағанда, бұл мәселе көбіне шетелдік ғалымдардың назарында болғанын көруге болады. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми мәселелермен түркиялық, ресейлік және еуропалық тарихшылар айналысып аталмыш бағытта зерттеулер жүргізген. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кейінгі кезеңдерде Осман империясының Орта Азиядағы саясаты мен аймақ халықтарымен орнатқан діни, мәдени, рухани және ағартушылық байланыстары әр түрлі деңгейде зерделеніп, бұл тақырып бірнеше ғылыми аспектілер тұрғысынан қарастырылуда.

Осман империясының құлдырау кезеңіндегі сыртқы интеграциясы түрік тарихнамасында үнемі жоғары ғылыми қызығушылыққа ие болып келген. Осман мемлекетінің көптомдық тарихын жүйелеген тарихшы Исмайл Хаккы Узунчаршылы өз еңбектерінде Османлы мен Түркістан арасындағы байланыстарға қатысты мәліметтер келтіреді. [Uzunçarşılı, 2000]. Сонымен қатар, Осман империясының Панисламизм саясаты және оның өзге мемлекеттермен байланыстары мен ынтымақтастығы ІІ Абдулхамиттің рөлі жайындағы маңызды тұжырымдарды танымал түрік тарихшысы Кемал Карпаттың еңбектерінен көруге болады. Автордың «Османлыдан қазіргі күнге дейінгі әскер және саясат» атты зерттеуінде Танзимат дәуірінен бастап империяның құлауына дейінгі кезең бойынша мәліметтер қамтылған [Karpat, 1972]. Түркияның тарих ғылымында ұзақ уақыт бойы «Осман тарихын зерттеу бойынша ұстаз» танылған Халил Иналжык та бұл кезеңдегі Осман империясының элеуметтік-мәдени өмірін және діни жағдайын қарастырған тарихшылардың бірі саналады [İnalçık, 2017].

Мәселеге қатысты еңбектері болмағанымен, Исмайл Узунчаршылы мен Халил Иналжык Осман империясы тарихының концептуалдық негізін қалаған тарихшылар болып саналады. Олар қазіргі османистиканы қалыптастырды, осман тарихын талдауға негізделген ғылыми тәсілді дамытты және Османтануды ғылымда жеке сала ретінде көрсетті. Осман мемлекеті мен Орта Азия елдері арасындағы байланыстар түрік ғылымында Османлы-Түркістан байланысы деп көрсетіледі [Sagay, 2000]. Бұл мәселедегі тақырыптарды көтерген және осы салада маманданған ғалымдар Мехмет Сарай, Алаеддин Ялчынкая, Мажит Абдулкадыр сынды зерттеушілердің еңбектерінде [Yalçınkaya, 1997] мәдениет пен оқу-ағарту саласы ішінара қарастырылған [Macit, 2009].

Зерттеу тақырыбы кеңестік кезеңде де назардан тыс қалмаған. Бұл дәуірде қалыптасқан ғылыми мектеп [Желтяков, Петросян, 1965] кейіннен ресейлік тарихнамада да өз жалғасын тапты. Осы бағыттың негізгі өкілдері ретінде ресейлік тарихшылардың [Барсукова, 1993], сондай-ақ

шығыстанушы-ғалымдардың [Васильев, 2014] еңбектерін атап өтуге болады. Ресейлік авторлар Осман империясындағы діни, саяси ахуалға талдау жүргізе отырып, оның әртүрлі қырларын ашуға ұмтылды. Ресейлік ғалымдардың еңбектерінде Осман империясы мен Орта Азия елдерінің арасындағы саяси байланыстар жан-жақты қарастырған. Соның аясында мәдени-гуманитарлық байланыстар қамтылған.

Шетелдік зерттеушілер де Осман империясындағы сұлтан II Абдулхамиттің панисламистік саясатын айналып өтпеген. Олар бұл саясатты империяның билік жүйесін нығайтуға және басқарушы аппараттың ықпалын сақтап қалуға бағытталған деп есептеді. Зерттеушілердің арасында С. Беккер секілді ғалымдар панисламистік идеологияның, ал Я.Ландау түркілік идеологияның халықтар арасындағы ықпалдастығын зерттеді [Landau, 1990]. С. Беккер сұлтан II Абдулхамиттің бұл идеяны ең алдымен саяси мақсатта қолдануға шешім қабылдағанын нақтылайды [Becker, 1932]. Осман империясының Орталық Азиядағы саяси стратегиясында панисламизм мен оған негізделген интеграцияның мәнін ашуда француз тарихшысы С. Хургонье жасаған тұжырымдар маңызды. Ол сұлтан II Абдулхамиттің панисламистік идеологиясын талдай отырып, оның мазмұны мен бағыттарын айқындады [Hurgronje, 1901]. Зерттеушінің пайымдауынша, империяның басты мақсаты – Ислам идеяларын Орталық Азия халықтарына тарату арқылы халифа басшылығымен бүкіл мұсылман қауымдастығын біріктіру болған. Тарихшының ойынша бұл саясат Осман билігінің діни-саяси лидерлік позициясын күшейтуге бағытталды. Шетелдік авторлар С. Беккер мен С.Хургоньенің ғылыми еңбектерінде Осман империясының Панисламизм саясатын жүргізуге және сонымен бірге осман билігінің Орта Азиядағы мұсылман халықтарымен байланыс орнату туралы мәселелерді қамтиды. Мұнда оқу-ағарту саласының мәселелері арнайы қамтылмағанымен, діни білімнің дамуына түрткі болған исламдық факторларға талдау жасалған.

Нәтижелер. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Орта Азияны тарихи-географиялық кеңістік ретінде отарлау нәтижесінде бұл аймақ халықтары саяси дербестігінен айырылды. Соның салдарынан олардың Осман империясымен тікелей байланыс орнату мүмкіндігі едәуір шектелді. Дегенмен, аймақ тұрғындары Ресей мен Осман империясының шекаралық және кедендік бақылауларынан өту арқылы өзара қарым-қатынасты толық үзген жоқ. Орта Азия мұсылмандары тек арнайы Ресей билігінің рұқсатымен ғана әр түрлі мақсатта Ыстамбұлға барып, білім алу, сауда-саттық, тіпті одан әрі қажылық міндеттерін өтеуді жалғастырды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Осман мемлекеті арасындағы саяси қатынастардың нашарлауы, сондай-ақ Осман империясындағы ішкі дағдарыстар мен оның құлдырау кезеңі түрік билеушілерін империялық саясатта түркі-мұсылмандық немесе ортаазиялық бағытты жандандыруға итермеледі және соның негізінде олардың назары Орта Азияға қарай ауған еді. Ресей құрамындағы түркі-мұсылман халықтары Осман мемлекетімен дербес байланыстан біраз қол үзсе де, түріктердің тұраншылдық, пантүркизм және панисламизм идеяларын ықыласпен қабылдады [Абдукадыров, Мулдахметова, 2022: 161-163]. Біраз уақытқа сейіліп қалған саяси байланыстар біртіндеп қайта жанданып, сонымен қатар мәдени және оқу-ағарту саласындағы қарым-қатынастар да өзіндік орын ала бастады.

XIX ғ.соңғы ширегі мен – XX ғасырдың басында Осман империясы мен Орталық Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының мәдени-рухани ынтымақтастығы ең маңызды бағыттарының бірі – білім беру мен оқу-ағарту саласындағы өзара ықпалдастық болды. Шындығында, түріктер бұл үрдісті тек осы кезеңде ғана емес, Анадолы жерінде өз мемлекетін құрып, қуатты саяси бірлестікке айналған уақыттан бастап-ақ қолға алған. Бұған негізгі себеп ретінде, біріншіден, түріктердің тарихи отаны – Орта Азиядан шығуы саналса, екіншіден, олардың Тұран даласынан алып шыққан діни және рухани құндылықтарын сақтап, осының негізінде мәдени байланыстарды үзбеге тырысқаны жатады. Осының арқасында жоғарыда айтылғандай, дін саласындағы өзара ықпалдастық, Ислам қағидалары мен мәдениетіне сүйенген ағартушылық пен білім жүйелері сақталып, дамуын жалғастырды [Yalçinkaya, 1997: 10-15].

XIX ғасырдың соңына қарай Осман империясында да білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер жүзеге аса бастады. Ерекше назар аударатын жайт – рухани билік өкілдері де оқу-ағарту саласындағы реформаларды қолдады. Олардың түсінігінде, мемлекетке адал әрі жауапты шенеуніктер даярлау үдерісі ең алдымен рухани-адамгершілік тәрбие қағидаларына негізделуі тиіс еді. Осы тұрғыдан алғанда, сұлтан-халифадан кейінгі діни иерархиядағы ең жоғары тұлға – Шейх-ул-исламның білім беру реформаларына қатысты ұстанымы айрықша мәнге ие. 1887 жылдың 2 наурызында шейх-ул-ислам Ахмет Эсад әл-Уряни сұлтан сарайында орта білім беру мекемелерінің (*ruştıye ve idadi*) оқу

бағдарламасын қайта қарау туралы ұсыныс білдірді. Оның бұл ұсынысының негізінде дінді күшейту және білім берудің жеке тұлғалық әрі қоғамдық міндеттерін тиімді атқару үшін реформаларды жоғары оқу орындарынан емес, ең алдымен бастауыш мектептерден бастау қажеттігі туралы көзқарас жатты. Шейх-ул-исламның пікірінше, бастауыш білімнің іргетасы діни мектептердегі бастапқы оқу кезеңінен бастап енгізілетін діни білім болуы тиіс еді.

Осман империясында оқу-ағарту саласында реформалар мен даму Танзиматтан басталып, ол XIX ғасырдың соңында сұлтан II Абдулхамит кезінде дамыды. Прогрессивті және трансформациялық басқаруда сұлтан II Абдулхамит билігі Осман империясының көптеген салаларында айтарлықтай жетістіктер орын алған кезең болды. Соның ішінде білім беру саласында да айтарлықтай жетістіктер байқалды. II Абдулхамит дәуірінің білім беру тұрғысынан құндылығын көрсететін маңызды саясаттың бірі - Анадолының әртүрлі аймақтарында айтарлықтай көп орта мектептердің (идади) ашылуы болды. «Идади» сөзінің қазіргі мағынасы орта мектеп деңгейіндегі арнайы мамандандырылған лицей немесе колледж түсінігін білдіреді. Өзінің билікке келгенінен бастап сұлтан II Абдулхамит бірнеше идадиден сол кездегі 100-ден астам идади санының артуы тек санмен ғана емес, сонымен қатар қоғамға әсер еткен сапаға да байланысты еді [Karataşer, 2017: 425-426].

Орта білім беру деңгейінде бірінші оқу жылындағы 12 сағаттың сегіз сағатын дін және араб тілі пәндеріне бөлу ұсынылды. Сонымен қатар түрік тілінің грамматикасын оқыту исламдық моральдық қағидалармен сабақтастырыла құрылуы қажет деп саналды. Алайда сол кезеңдегі ресми мемлекеттік білім саясаты араб тіліне – осман тілі мен Ислам дінінің негізі ретіндегі рөлін толық көлемде ескерген жоқ. Ұсынылған осы принциптерді әскери, медициналық және инженерлік жоғары оқу орындарына да қолдану көзделді. Шейх-ул-ислам атап өткендей, билік құрылымдары таза ғылыми білім беру мазмұнын талқылауға араласпауы керек, алайда білім беру жүйесінде діни пәндерге енгізілетін кіріспе сабақтар халықтың рухани деңгейін нығайтуда жеткілікті рөл атқара алады деп есептелді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азиядағы білім беру жүйесінің жағдайына тоқталатын болсақ, бұл кезеңде аймақтағы оқу-ағарту ісінің деңгейі өте төмен болғанын тарихи деректер айқын көрсетеді. Түркістан өлкесінің әртүрлі өңірлерінде жергілікті халық үшін орыс-түзем мектептері мен, ең жоғарғы саты ретінде, училищелер қызмет етті. Дегенмен, дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесі, яғни молладан хат тану, медреселерде діни білім алу тәжірибесі сақталып қалды. Ислам қағидаларына сүйенген бұл білім беру үлгісі халықтың едәуір бөлігі үшін негізгі оқу формасы болды. Сауат ашудың кең тараған осы түрі Түркиядағы білім жүйесімен өзара үндестік таба алды. Алайда, оны жүйелеп, медреселер арқылы діни біліммен қатар белгілі бір идеологиялық бағыт қалыптастыру қажеттігі алға тартылды. Түркістандағы алғашқы діни мектептер мен сауат ашу орталықтарының шәкірттері Осман империясынан келген оқу материалдарын меңгеруге, сондай-ақ ол жақта білім алған ұстаздардан дәріс алуға дайын болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясының Түркістанды отарлауымен бірге жаңа жолдар мен теміржол желілерінің салынуы түркістандық мұсылмандардың Меккеге қажылық сапарларының бағытын өзгертті. Бұрынғы дәстүрлі жолдарға қосымша жаңа бағыттар пайда болды. Қажылыққа немесе өзге мақсаттағы сапарға шыққан мұсылмандар әлеуметтік жағдайына байланысты жол-жөнекей сауда жасап, материалдық жағдайын жақсартуға тырысатын болған. Сонымен қатар, кейбір жолаушылар білімін жетілдіру мақсатында Осман империясының ірі қалалары мен мәдени орталықтарына тоқтап, бүкіл мұсылман әлемінде танымал діни-білім орталықтарында ұзақ уақыт тұрақтап қалып отырды [Үәліңкаева, 1997: 12].

Орталық Азия Ресей империясының құрамына енгеннен кейін аймақ басшылығы жергілікті халықтың тұрмысы мен Ислам дініне деген қатынасын басты назарда ұстады. Түркістан генерал-губернаторлығының алғашқы басшысы К.П. фон Кауфман (1867-1882 жж.) жергілікті халықтың ішкі діни өміріне араласпау және мұсылмандық оқу орындарына қолдау көрсетпеу арқылы Исламды «селемеу» саясатын ұсынды. Оның ойынша, уақыт өте келе орыс мәдениеті мен білімінің ықпалы артқан сайын жергілікті халық медресе мен бастауыш мұсылман мектептерін тастап, орыс оқу орындарына бет бұрады деп күтілді. Алайда бұл болжам жүзеге аспады. Керісінше, жергілікті халық – әрі отырықшы, әрі көшпелі қауым – орыс мәдениеті мен білімін қабылдауға құлық танытпады. Тіпті орыс мектептеріндегі тегін тамақ пен жатын орын сияқты жеңілдіктерге қарамастан, мұсылман ата-аналар өз балаларын тек дәстүрлі мұсылман оқу орындарына беруді жалғастырды.

Ресей империясы Орта Азияны толық бағындырғаннан кейін, аймақта конфессиялық сипаттағы оқу орындарының кең таралғанын аңғарды. Бұл мектептерде оқу ана тілінде араб графикасы арқылы жүргізіліп, халықтың сауаттылығы Ислам дінімен тығыз байланыста қалыптасты. Орыс білім беру

жүйесінде дәстүрлі мұсылманша хат тану мен Ислам негіздерінің оқытылмауы жергілікті халықты бұл мектептерден алшақтатты. Сонымен қатар, ата-аналар балаларын мемлекеттік оқу орындарына беруге сақтықпен қарады, себебі бұл мекемелерде тек православтық «Құдай заңын» оқытуға рұқсат етілді және балаларды христиан дінін қабылдауға итермелейді деген күдік басым болды. Түркістандағы исламдық оқу орындарының шынайы жағдайын түсіну үшін білім беру жүйесін басқару құрылымына назар аудару қажет деп саналды. Өлкедегі оқу орындары Ресей империясының Халық ағарту министрлігіне және тікелей Түркістан генерал-губернаторлығының билігіне бағынды. Облыстық деңгейдегі білім беру мекемелерін басқарумен айналысқан әкімшілік құрылымға мемлекеттік мектептердің бас инспекторы да кірді.

Мемлекеттік мектептер инспекторларының негізгі қызметтері орыс және жергілікті оқу орындарын ашу, ғимарат салу, қаржыландыру мәселелерін шешу, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау немесе жұмыстан босату, оқу процесін бақылау, аудит жүргізу және есеп беру сияқты міндеттерден тұрды.

Жоғарыда айтылғандай, Осман империясы мен Орта Азия халықтары арасындағы білім мен ағарту саласындағы ынтымақтастықтың маңызды үлгісі ретінде Ыстамбұлдағы ортаазиялық мұсылман теккелерінің қызметін арнайы атап өту қажет. Бастапқыда теккелер қажылыққа келген мұсылмандар үшін уақытша тоқтап-тұрақтайтын орын ретінде құрылған. Кейіннен олардың рөлі кеңейіп, Орта Азиядан келген мұсылмандар тіл, дін, мәдениет және рухани құндылықтарды меңгеретін діни-білім беру орталықтарына айналды. Теккелер тек діни білім мен тәрбие беріп қана қоймай, жалпы сауат ашу мен ағартушылық қызмет атқарды. Ыстамбұлдағы Орта Азияға арналған теккелерде өзбек және түрікмен қауымдастықтарының саны басым болды [Bakır, 1963: 115-121]. XIX ғасырда Ыстамбұлдың Сұлтантөбе аймағында құрылған «Өзбектер теккесі» Осман мемлекетінің астанасы әрі халифат орталығы болған бұл қаладағы Орта Азия мұсылмандары үшін ең маңызды рухани-мәдени орталықтардың біріне айналды. Бұл теккеде тілі мен діні ортақ көптеген адамдар бас қосып, білім алып, бір-біріне рухани және материалдық қолдау көрсетті. Алғашында қажылық сапарына шыққан мұсылмандар үшін негізгі аялдама орны болып қызмет еткен бұл мекеме уақыт өте келе діни-білім беру орталығына айналды деуге болады [Çetin, 2017: 54].

Теккелерде өмір сүрген Орта Азиядан шыққан адамдардың арасында білімді қолдап, сауабы мол іс ретінде жастарға қол ұшын созған қайырымды тұлғалар болды. Олар Ыстамбұлға оқуға келген түркістандық жастарды өз қамқорлығына алып, теккеде тұруына және білім алуына жағдай жасады. Солардың бірі – шыққан тегі бұхаралық Ревнақоғлы Абдурахман болды. Ол «Бұқара Тамим-и Маариф қоғамының» негізін қалаушылардың бірі ретінде танылды. Ревнақоғлы Абдурахман және оның серіктері Орта Азиядан, әсіресе Бұхарадан келген әлеуметтік жағдайы төмен жастарға Ыстамбұлда білім алып, кейін өз отанына маман ретінде оралуына мүмкіндік берді. Мұрағаттық деректер теккенің соңғы шейхы Абдурахман Эфендидің өмірінің соңына дейін бұхаралық жастарды қолдап, білім алуына шексіз көмек көрсеткенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, осындай жомарт азаматтардың көп болғаны, олардың түркістандық жастардың Ыстамбұлда білім алуына жағдай жасағаны айқын көрінеді [Çetin, 2017: 84]. Ыстамбұл мен Бұхара арасындағы мұндай мәдени-ағартушылық байланыстар ұзақ уақыт үзілмей жалғасты. Мысал ретінде 1909 жылы Ыстамбұлдағы Бұхара теккесінің Осман мемлекеті мен Бұхара әмірлігі арасындағы білім саласындағы маңызды көпір болғанын атап өтуге болады. Бұхара мүфтиі бұл кезеңде османдық ғұламалардың сараптамасынан өткен жаңа әдіспен жазылған оқулықтарды жіберуді сұрағаны белгілі.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қайта жандана бастаған осындай байланыстар XX ғасырдың басында айрықша қарқынмен дами түсті. Бұған бір жағынан Орта Азиядағы Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық идеялардың пісіп-жетілуі және бұл күреске сыртқы саяси, мәдени қолдау қажеттілігі әсер етті. Екінші жағынан, Осман империясында Жастүріктердің билікке келуі түркілік және пантүркістік идеологияның күшеюіне жол ашты. Жастүріктер қозғалысы жаңа заман талаптарына сай түркілік мәдениетті жаңғырту идеясын қолдап, бұл бағытта ең алдымен тілдік, мәдени және ағартушылық байланыстарды басты құрал ретінде қарастырды.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында Османлының Орта Азия мен жалпы түркі халықтарына бағытталған саяси ұстанымы айтарлықтай күшейіп, ол жаңа деңгейге көтерілді. Бұл ең алдымен Осман империясында кеңінен тараған пантүркізм және панисламизм идеяларымен тығыз байланысты болып, аталған идеологиялар 1908 жылғы Жастүріктер төңкерісінен кейін ресми саяси бағытқа айналды, ал жаңа үкімет Орта Азияны өз ықпалы үшін стратегиялық маңызды аймақ ретінде қарастырды. Осыған байланысты Осман билігі Бұхара әмірлігінде исламдық және түркілік бірлік

идеяларын насихаттап, мәдени-ағартушылық және саяси байланыстарды белсенді түрде жолға қойды. Дей тұрғанмен, бұл әрекеттер Ресей империясының назарынан тыс қалмады. Ресей әкімшілігі Осман империясының ықпалынан қауіптеніп, Орта Азиядағы діни жағдайды бақылау және ықтимал қауіптердің алдын алу мақсатында арнайы тексеру және зерттеу жұмыстарын жүргізді [Мухаметшин, Абашин, 2011: 110-115].

XIX ғасырдың соңғы кезеңінен бастап Осман империясы мен Орта Азия халықтары арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық айтарлықтай жанданды. Бұхара әмірлігіне тек дипломаттар мен саудагерлер ғана емес, сонымен бірге діни білімді терең меңгерген түрік зиялылары да келді. Ресейлік қауіпсіздік органдары бұл тұлғаларды жиі түрік агенттері немесе барлаушылары ретінде қабылдап, олардың іс-әрекеттерін қатаң бақылауда ұстады. Бұл туралы С. Абашиннің зерттеулерінде айтылады. 1908 жылғы Осман империясындағы саяси төңкерістен кейін және 1910 жылы Бұхарада сунниттер мен шииттер арасында діни алауыздық орын алуы түрік ықпалының күшеюіне қолайлы жағдай тудырды [Мухаметшин, Абашин, 2011: 114-116]. Осы кезеңде Ресей Ішкі істер министрлігінің арнайы өкілі Л. Наумов Бұхарада түрік агентурасының белсенді қызмет атқарғанын мәлімдеді. Оның деректеріне сүйенсек, Осман империясынан келген кез келген оқыған мұсылман өкілі ресейлік билік тарапынан «агент» деп бағаланды. Мысалы, Риза Ага Гүл есімді түрік азаматы 1910 жылы Бұхараға келіп, дәстүрлі дінбасылардың үстемдігіне қарсы топтарды біріктіріп, медреселерде реформа жасау, ескі жүйені шектеу туралы пікірлер таратты. Бұл іске Бұхарадағы Ресей саяси агенттігі жанындағы түземдік істер басқармасының басшысы Мир Бадалиев, медреселердің жоғарғы жетекшілігіне көмекші Раис, Бұхара мүфтиі және бірқатар ықпалды көпестер қатысты. Олардың басым бөлігі Қазан, Ыстамбұл, Мысыр сияқты ірі рухани орталықтарда білім алған, ал кейбірі еуропалық оқу орындарында да оқуға ұмтылды. Осы зиялылар Түркия үлгісіндегі мұсылмандық білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігін қолдады.

Бұхараның Орта Азия мұсылмандары үшін рухани маңызы ерекше болды. Ең алдымен, ол Нақшбандия тариқатының негізін қалаушы Бахауддин Нақшбандтың кесенесі орналасқан қасиетті мекен ретінде кеңінен танылды. Бұдан бөлек, Бұхара медреселері теологиялық білімнің ең беделді орталығы саналды. Мұнда сарттар, татарлар, хиуалықтар, ауғандықтар сияқты әртүрлі аймақтардан жастар келіп оқыды. Бұхарада жүргізілетін кез келген реформаның дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесіне ықпал етуі заңды еді. Бұл өңірдің жартылай автономды статусы да реформаларға қолайлы саяси орта қалыптастырды. Осман империясы осы мүмкіндікті пайдаланып, Орта Азиядағы түркі халықтарының мәдени дербестікке және саяси тәуелсіздікке ұмтылысын қолдауға тырысты [Lysenko, 2018: 760-762]. Бұл кезеңде Бұхара Түркістан өлкесінен тыс Ресей империясының Орта Азиядағы протектораты немесе басқа аймағы болғандықтан, ондағы білім жүйесі Түркістан өлкесінен кішкене өзгеше болды деуге болады. Себебі, мұнда түркі халықтарынан бөлек, тәжік, ауған, еврей т.б. халықтар болып, олардың арасында ағартушылық пен білім беру жұмыстары күрделі болған.

Түріктердің Орта Азия кеңістігінде пантүркизм мен панисламизм идеяларын таратудағы болашақ қызметі нақты бағдарлама ретінде мемлекеттік жоспарға алынбағанымен, саяси-идеологиялық жұмыстар басшылыққа алынды және оны жүзеге асыру үшін сан түрлі әрекеттер орындалып, олардың ең негізгілері, діни және ағартушылық жұмыстарының қолға алынуы болды. Шын мәнінде, осы кезеңде түркі-мұсылмандық сипаттағы кез келген идеологияны насихаттау ерекше маңызға ие болып, бұл үдеріске татар зиялылары айрықша үлес қосты. Татарлардың ең басты еңбегі – аймақта исламдағы реформаторлық қозғалыстың (жәдидшілік) мәнін түсіндіру, яғни қоғамды тек діни емес, зайырлы жолмен де тәрбиелеудің мүмкіндігін дәлелдеу арқылы халық санасын жаңғырту болды.

Бұл идеялар ең алдымен зайырлы пәндерді оқыту арқылы жаңа сипаттағы заманауи мектептер жүйесін құруда көрініс тапты. Мұндай оқу орындары көбіне Түркістан әкімшілігінің ресми рұқсатымен ашылып отырды. Алайда Түркістан өлкесінде бұл мектептердің нақты саны, олардың жұмысының сапасы мен оқу мазмұны жайлы мәліметтер жеткіліксіз деп бағаланды. Сол себепті жаңа үлгідегі мектептерде Қазан мен Ыстамбұлда жарық көрген оқулықтарға сүйене отырып сабақ беретін татар мұғалімдерінің қызметі кеңінен пайдаланылды. Орнатылған ортақ талаптар негізінде бұл оқу орындарында «сарт балаларын тәрбиелеудің» басты міндеттері анықталды. Бұл құбылыс Түркияның қолдауымен бүкіл мұсылман әлемінің ортақ санасын қалыптастыру идеясымен тікелей байланысты еді.

Осман мемлекеті мен Орта Азияда Түркістан өлкесінен бөлек Бұхара әмірлігінің орны ерекше болған. Бұл туралы Я. Ландау Бұхараның Осман мемлекетіне жақын болғанын көрсетеді. Бұхарада білім беру жүйесін жаңғыртып, онда османдық үлгісіндегі оқу жүйесін енгізу, сондай-ақ Бұхара мен

Ыстамбұл арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты күшейту – Осман мемлекетіндегі Жастүріктердің басты мақсаттарының біріне айналды. Жастүріктер құрған «Бірлік және прогресс» партиясы Ыстамбұлда панисламистік көзқарастағы түрік зиялыларының [Landau, 1990: 116-121] қатысуымен Бұхара мен Түркістаннан келген жастарды оқыту үшін Мази Джами медресесін ашты. Бұл діни оқу орнын қаржыландыруға Түркістан және Бұхара аймағындағы мұсылмандар өз еркімен қайырымдылық қаржысын жинап берді. Оқу-ағарту мен діни бағыттағы өзара байланыстардың жандана түсуі саяси-әлеуметтік қатынастардың дамуымен тығыз байланысты болды. Бұхара әмірлері мен оның әулет өкілдері Осман мемлекетінің қолдауына үлкен үміт артып, бірнеше міндетті көздеді: Бұхараның тәуелсіздігін қалпына келтіру, орыс билігін аумақтан шығару, орыс ақшалары мен несие билеттерін айналымнан жою, Бұхара әмірі таңдаған кеңестің құқығын шектеу, жаңа діни және зайырлы мектептер ашу еркіндігіне қол жеткізу, бұхаралықтардың Осман мемлекетімен еркін қарым-қатынаста болуы және түріктердің Бұхара аймағына кедергісіз келуіне жағдай жасау, т.б.

Өзінің әлеуметтік жағдайын көтеру және қоғамдағы орнын нығайту мақсатында Түркістан өлкесінде жергілікті мұсылман қауымының балаларына білім беру аса маңызды мәселе ретінде қарастырылды, әсіресе сарттар арасында жаңа үлгіде ашылған жадидтік мектептер ерекше сұранысқа ие болды. Алайда, 1907-1908 жылдары Ресейдің Түркістан әкімшілігі аймақта рұқсатсыз ашылған жаңа мектептерді анықтап, татар мұғалімдеріне сабақ беруге тыйым салу жөнінде бұйрық шығарды. Бұл шешімге наразылық ретінде Қоқан қаласының тұрғындары тарапынан татарларды қайтадан мектептерде сабақ беруге рұқсат ету туралы 351 адамның қолы қойылған өтініш ұсынылды. Осындай мәліметтер мен фактілер Түркістан өлкесінде панисламизм идеялары әсерінен туындаған прогрессивті ағартушылық қозғалыстың жергілікті мұсылман элитасы арасында кең қолдауға ие болғанын айқын көрсетеді [Lysenko, 2019: 1377-1378].

Орта Азияда Ресей билігіне дейінгі кезде-ақ Орта Азия хандары өз елдеріндегі медреселер мен сауат ашу орындарында білім беру үшін Османлы билеушілерінен оқулықтар мен оқу материалдарын сұрап, ол бойынша кітаптар мен әр түрлі деңгейдегі оқулықтар алып отырған [ВОА, НН. 656/32089]. Ресей билігі Орта Азияны басып алғаннан кейін де бұл үрдіс тоқтаған жоқ. Түркістан өлкесінің беделді азаматтары осман билігінен көмек сұрап, ең алдымен Осман империясындағы секілді болашақта білім беру, әскери, инженерия және басқа салаларда маман болуды жоспарлаған [ВОА, І.НР, nr.15065].

Түркістан өлкесінде Ресей билігі орнаған соң Осман мемлекеті мен Қоқан хандығы арасындағы білім беруге қатысты байланыстар басқа салалар сияқты бәсеңдеп қалды. Дегенмен, кейіннен бұл үрдіс өз жалғасын тапты. Осман империясынан Орта Азияға, соның ішінде қоқандықтарға діни ділімді дамытуға арналған кітаптар және одан тыс дүниәуи білім салаларынан да материалдар келіп отырды. Мысалы, тараптар арасындағы хат алмасудың негізгі тақырыбы болған білім беру саласы бойынша өтініштерін қарастырған кезде, олардың діни және интеллектуалдық ғылымдар туралы кітаптар мен бірге тіпті әскери салада, әдебиет пен өнер салаларына қатысты материалдар сұрағаны байқалады.

Қоқандықтардың білім саласындағы тағы бір маңызды ынтымақтастығы Осман империясының медреселерінде білім алғысы келген қоқандық жастардың өтініштері болды [ВОА, НН, nr., 36565-А.]. Бұлардан басқа, білімін жалғастырып жатқан немесе білімін аяқтап, Осман медреселерінде мұғалім немесе басқарушы болып жұмыс істейтін мамандардың тағайындалуы сияқты тәжірибелер болды [ВОА, МКТ.МНМ, nr. 4/72].

Түркістан мен Орта Азия аймағынан қажылыққа жолға шыққан мұсылмандардың көпшілігі Ыстамбұл арқылы өткендіктен, Осман империясы оларды арнайы қолдауға алып, діни және ағартушылық мазмұндағы кітаптар таратуды жүйелі түрде ұйымдастырды. Бұл ең алдымен Қасиетті Құран мен мұсылмандық сауат ашуға арналған еңбектер болатын. Нәтижесінде Ресей империясындағы мұсылман халықтары османдық рухани қолдауға ие болды, өйткені мұндай кітаптарды жергілікті жерде басып шығару мүмкін болмады. Дәл осы себепті ауылдық жерлердегі мұсылман ұстаздары бұл еңбектерді кеңінен қолданып, олар ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жетті. Осылайша, Осман империясы Ресейдің Орта Азиядағы отарлық аймақтарында өмір сүрген түркі-мұсылман халықтарына өзінің саяси бағыты, қоғамдық өмірі және білім беру деңгейі туралы ақпараттарды түрлі жолдармен тарата алды. Бұл кітаптар ең алдымен дәстүрлі әрі берік мәдени байланыстар арқылы Қырым бағытында өрбіді. Сонымен қатар, Қазан арқылы Башқұртстан мен қазақ далаларына жетіп, сондай-ақ, келесі бір жолмен Кавказ бен Орта Азияға жетіп, сол бағыт арқылы Оңтүстік Қазақстанға жетіп отырды. Мұндай еңбектердің басым бөлігі діни, танымдық, білім

беру және ағартушылық сипаттағы материалдардан тұрды [Абдукадыров және басқалар, 2024: 136]. Жетісу облысында уездерде тіпті мұндай кітаптарды саудалаған түркиялық және жергілікті азаматтардың да есімдері белгілі болған [ҚРОМА, 44-қ., 1-т., 4130-іс, 21 п.].

Қазақ даласынан қажылық сапарына барған зиялы тұлғалар мен діни қызметкерлер Осман елінен түрлі діни әрі ағартушылық еңбектерді алып келіп, оларды халық арасында таратып отырған. Сонымен қатар, сауда-саттықпен немесе өзге де сапарлармен барған адамдар да осындай кітаптарды алып келуге мүмкіндік тапты. Бұл үрдіс жергілікті жерлерде білім беру ісінің мазмұнын тереңдетіп, оқыту деңгейінің артуына ықпал етті. Қазақ жеріне жеткізілген бұл еңбектердің маңызы мен мазмұнын түсінгендер оларды қазақ тіліне аударып, оқу құралы ретінде пайдаланған. Аталған шығармалардың ішінде тарихи туындылар да болғаны белгілі. Осман империясында тарих ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылған, жоғары білімді, беделді тарихшы әрі құқықтанушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Жевдет паша (1822-1895) еңбектері құнды болды. Оның кеңінен таралған еңбектерінің ішіндегі ең беделдісі – он екі бөлімнен тұратын, екі томдық «Қысас-и Әнбия ве теvarих-и Хулефа» атты діни шығарманың жаңартылған нұсқасы болып, бұл кітап қазақ даласына дейін таралып, жергілікті қоғам арасында қолданылды.

Осы және мазмұны ұқсас бірқатар тарихи еңбектер мен шығармалар қазақ даласына жеткізіліп отырды. Солардың ішінде жоғарыда аталған Ахмет Жевдет пашаның кітабы ерекше құнды деп танылды. Өткен дәуірлердің оқиғаларын баяндайтын тарихи туынды ретінде бұл еңбек аймақ жұртшылығы арасында кеңінен таралып, беделді дереккөзге айналды. Оның ықпалы халық ауыз әдебиетінде де көрініс тапқанын «Біржан – Сара» айтысында кездесетін «Қисса-сул-Әнбияда көрмеппе едің» деген жолдар айғақтайды. Бұл мысал – кітаптың қоғамда танымал болғанын дәлелдейді. Бұдан бөлек, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ даласындағы діни білім беру мекемелерінің – мектептер мен медреселердің оқу бағдарламасына енген, кейіннен кеңінен қолданылған тарихи және діни сипаттағы еңбектер саны арта түсті. Мұндай шығармалар тек білім берудің мазмұнын кеңейтіп қана қоймай, жергілікті оқымыстылардың дүниетанымын дамытуға ықпал етті және түркі халықтары арасында тарихи сананы жаңғырту жолында маңызды рөл атқарды [Хазретәлі және басқалар, 2017: 62].

Өз кезегінде, Орта Азия халықтары арасында қазақтардың да османдық түріктермен ағартушылық пен оқу-білім саласындағы ықпалдастығы байқалды. Бұл қарым-қатынастың бір көрінісі – қазақ жастарының Түркияға барып оқуы еді. XX ғасырдың басында қазақ балаларының Түркияға, жалпы еуропалық үлгідегі білімге ұмтылысы айтарлықтай күшейгені белгілі. Ресей империясының саяси-әлеуметтік шектеулері мен отарлық бақылауына қарамастан, қазақ жастарының Түркияға барып білім алуға деген талпынысы жылдан-жылға артты. Мәселен, XX ғасырдың басында Ыстамбұлдағы жоғары оқу орындарында Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев сынды бірқатар қазақ өкілдері білім алғаны белгілі [Ахмедов, 1996: 127]. Алайда отарлық биліктің қатаң ұстанымы мен түрлі әкімшілік тосқауылдары бұл үрдістің кең көлемде дамуына мүмкіндік бермеді.

Дегенмен, ғасырлар тоғысында Осман мемлекетіне қазақ даласынан әртүрлі мақсатта – қажылық, білім алу және сауда-саттық мақсатында барған адамдар аз болмағанын атап өткен жөн. Әсіресе, Ыстамбұлға қажылық сапарында барған қазақтардың саны көп болды, олардың арасында белгілі бір деңгейде ілім алып қайтқан жастары да кездесті. Солардың ішінде ең көрнекті тұлғалардың бірі – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол бауырлас елге тек діни парыз өтеу үшін емес, ғылым жолын іздеу мақсатында да аттанды. Сонымен қатар ортақ тарихи тамырларды тереңірек танып-зерттеуді көздеді. Ыстамбұлдағы әйгілі кітапханаларды көрген Шәкәрімнің дүниетанымында үлкен өзгерістер орын алған. Бұл туралы ол өзінің естеліктерінде арнайы атап өткен.

1905 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы Қасиетті Меккеге қажылық сапар шекті. Алайда ол бұл жолға тек діни мақсатпен ғана емес, рухани әрі ғылыми ізденіс жасау үшін аттанды. Шәкәрім әуелі Ыстамбұлға барып, одан әрі Мысыр арқылы Меккеге барған. Қажылық рәсімдерін толық орындап, қажы мәртебесін алғаннан кейін де ол тек діни міндетпен шектелмей, Шығыс елдерінің бірқатар кітапханаларында болып, ғылыми материалдар жинады. Кітап пен білімге деген құштарлығының нәтижесінде ол осы сапарында көптеген құнды еңбектерді елге алып қайтты. Шәкәрім Құдайбердіұлы Ыстамбұл қаласына келген кезде мұндағы кітапханалармен арнайы танысып, өз таңданысын жасырмай жеткізген. Ыстамбұл кітапханаларынан Орта Азия халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты аса құнды деректерді тапқан. Сондай-ақ, оның Ыстамбұлда біршама уақыт тұрақтап, білікті ғалымдар мен мамандардан тәлім алғаны да айтылады. Бұл жағдай қазақ пен түрік халықтарының білім, оқу-ағарту және мәдени байланыстарындағы маңызды тарихи оқиғалардың бірі болды.

Осы тұрғыдан алғанда, Ыстамбұлға білім мен ғылым іздеп барған қазақ зиялысы – Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл сапары, тек білім іздеу ғана емес, қазақ руханияты үшін айрықша маңызға ие болып, түбі бір түркі халықтарының мәдени және рухани бірлігін зерделеудің жарқын үлгісіне айналды. Сонымен қатар Шәкәрімнің Ыстамбұлдағы саяси және мәдени тәжірибесі оның кейінгі шығармашылығында көрініс тауып, әсіресе оның саяси-философиялық ойлары Алаш қозғалысы идеологиясының қалыптасуына ықпал еткен негізгі негіздердің біріне айналды [Хазретәлі және басқалар, 2017: 57-61].

Айта кетерлігі, қазақ даласынан қажылыққа, одан соң Ыстамбұлға білім қуып барған Шәкәрім Құдайбердіұлы Түркияның аса бай кітапханаларын көргенде ерекше таңданыс білдірген. Ол Ыстамбұл кітапханаларынан өзін қызықтырған тақырыптар бойынша деректер іздеп, ғылыми мағлұматтар жинаған. Бұл туралы оның «Мұтылғанның өмірі» шығармасында: «Он үш күн боп Стамболда, Керек кітап табылғаны-ай!» – деп жазуы оның кітапқа деген зор қызығушылығын дәлелдейді. Бұл оқиға Шәкәрімнің баласы Ахат Құдайбердиевтің естелігінде де нақты көрсетілген. Шәкәрім өз қолымен жазған шежіре кітабында өзі оқыған еңбектер қатарында «Тарих Ғышмани» («Тарих-и Османи»), «Тарих ғұмұми» сияқты кітаптарды атап өтеді. Осман тарихын баяндайтын татар басылымдарымен таныс болған Шәкәрім Ыстамбұлда осы секілді османдық басылымдарға ерекше назар аударған. Мұндай ғылыми талпыныстары сол кезеңдегі қазақ зиялылары тарапынан да жоғары бағаланып, үлкен қызығушылық тудырған [Құдайбердиев, 1988: 215-220].

Осман мемлекетінен Ресей империясының аумағына жасырын келіп, әртүрлі аймақтарда саудасаттықпен қатар кітап таратумен айналысқан тұлғалар да болған. Солардың бірі – Ақтөбе өңіріне келіп, Ресейдің ішкі аудандарымен шекаралас аймақтарға кітап әкеліп, оларды жергілікті қазақтар арасында таратумен айналысқан білімді кісі Хафиз Хусейн еді. Ол ресми түрде саудагер ретінде көрінгенімен, іс жүзінде кітапты оқыту және насихаттаумен де шұғылданған. Алайда халық арасында оның балаларды өз бетімен оқытуы мен діни ағымдарды таратуы мүмкін деген күдік туындап, жергілікті билік орындары оның әрекетін қадағалай бастайды. Оны Осман еліне қайтару туралы шаралар жасалғанымен, жергілікті халық оның білімін ерекше бағалап, оны жібермеген. Бұл мәселеге Хафиз Хусейнмен жақсы қарым-қатынаста болған Ақтөбе болысының беделді тұрғыны хазірет Нұрпейіс Байғарин араласып, жағдайдың оң шешілуіне ықпал еткен [ҚРОМА, 25-к., 1-т., 2251-іс, 1-п.].

Ресей әкімшілігі кітап таратушыларға қатты қысым көрсетіп отырған. Жоғарыда аталғандай, оларды жергілікті жерде қудалап отырған. Себебі, олар кітап таратумен қатар белгілі бір идеологияны, оның ішінде Ислам дінімен байланысты болған идеяларды халық арасында үгіттеуі мүмкін деген күмән басым болды. Жетісу облысында мұндай жағдайлар біраз тіркелді. Олардың Осман мемлекетінен әкелген кітаптары тәркіленді [ҚРОМА, 44-к., 1-т., 4130-іс, 22 п.].

Жетісу облысы мен Ақтөбе өңірінен бөлек, басқа да аймақтарда түркиялық азаматтардың болғаны белгілі. Олардың арасында діни әрі ғылыми білімі жоғары тұлғалар да кездескен. Мәселен, 1891 жылы Семей облысының Зайсан уезінде Мұстафа Сейіт есімді түрік азаматы діни қызмет атқарған. Мұстафа Сейіт Қара Ертіс болысының молдасы Ж. Битімовпен және онымен көршілес Қалжыр болысының молдасы Болат Шынжырбаевпен тығыз байланыс орнатып, жергілікті ортада беделге ие болған. Оның діни білімі терең болып, жергілікті халыққа ислам негіздерін оқыту мен діни сауат ашумен айналысқан. Қазақтар оны зиялы, оқымысты адам ретінде құрметтеп, оның уағыздары мен дәрістерін тыңдауға ерекше мән берген. Алайда шетелдік адамның аймақта белсенді жұмыс жүргізуі патша өкіметінің өкілдерінде күдік туғызып, билік тарапынан қысым жасала бастады. Соның салдарынан Мұстафа Сейіт 1892 жылы Семей өңірінен кетуге мәжбүр болған (ҚРОМА, 15-к., 2-т., 250-іс, 1 п.).

Осман мемлекетінен Орта Азияға келген азаматтар «барлаушылар болуы мүмкін» деген күдік те жиі айтылғаны белгілі. Дегенмен, олардың шын мәнінде барлау қызметімен айналыспағаны анық. Керісінше, олар діни және саяси сауаты жоғары, жергілікті халықтың сауатын ашып, білім деңгейін көтеруге үлес қосқан жалпы ағартушылық қызметпен айналысқан азаматтар еді. Түрік азаматтары арасында Түркістан өлкесіндегі түркі-мұсылман халықтары арасында пантүркизм мен панисламизм идеяларының әлсіз таралуын байқап, осы үдерістерді күшейту мақсатымен келгендері де болған. Дегенмен, қарапайым халықтың басым бөлігі сауатсыз болғандықтан, бұл идеологияларды түсіну үшін әуелі хат танып, одан соң белгілі бір деңгейде білім мен сыни ойлау дағдылары қажет еді. Сондықтан бұл олқылықты толықтыру мақсатында Қазан және Орынбор татарлары арасынан білімді

мұғалімдер тартылды. Мұндай ағартушылық қызмет әсіресе Түркиямен байланысы берік болған Бұхара әмірлігінде және көрші аймақтарда кеңінен жүргізілді.

Алайда, Түркістан өлкесіне сырттан білімді адамдарды шақырғанда, ең алдымен жергілікті халықтың сауатын ашатын мұғалімдерді дайындау қажеттігі айқындалды. Бұл кезеңде Ресей империясының жергілікті жердегі Халық ағарту бөлімі тарапынан қала мектептері, мұғалімдер семинариялары мен училищелер ашып, халық ағарту ісін белгілі бір деңгейде қолға алғанымен, империялық саясат жергілікті мұсылман халықтарының толыққанды білім алуына кедергі келтірді. Осыған байланысты Л. Наумов дәстүрлі және жадидтік (жаңа үлгідегі) мұсылман оқу орындарының дамуына қарамастан, аймақтағы мұсылман жұртының басым бөлігі әлі де сауатсыз күйде қалып отыр деп түйіндеді. Ол сондай-ақ халықтың пантүркизм мен панисламизм идеяларын қабылдауға дайын еместігін, ал татар мұғалімдерінің қысқа мерзімде жағдайды өзгертуге қауқары жетпейтінін атап өтеді [Lysenko, 2019: 1379].

XX ғасырдың басында Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтарының оқу-ағарту саласындағы ынтымақтастығы мен байланыстарының ең соңғы нүктесі Жәдиттердің қозғалысы кезіне тура келді. Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтары арасын өзара жақындастыруда Жәдитшілік әуел баста діни, яғни мұсылмандықтың модернизацияланған идеологиясы ықпал еткен болса, ендігі жерде ол оқу-ағарту саласына ықпал етті. Сонымен, Жәдитшілік – әуелі жаңарған діни идеология болса, кейіннен оқу және білім саласындағы негізгі жаңартушы реформаға айналды. Ресейлік түркі-мұсылман халықтары арасында Жәдитшілік қозғалысы кеңінен таралып, белгілі бір дәстүрге әрі қоғамдық жүйеге айналды. Жәдитшілік жалпы мағынада оқу-ағарту ісіне заманауи мазмұн беріп, еуропалық үлгідегі реформаларға негізделген білім жүйесін енгізуді көздегенін және оның тек педагогикалық жаңғыру ғана емес, сонымен қатар қоғамды алға жетелейтін ерекше әлеуметтік-мәдени миссиясы да болғанын атап өткен жөн. Осы себепті жәдитшілдіктің халық арасында толық қабылдануы мен дамуы оңайға түскен жоқ. Сонымен қатар, дәстүрлі оқу жүйесіне өзгеріс енгізбей тұрып, қажетті реформаларды іске асыру мүмкін болмағаны анық [Khalid, 1999: 29-33]. Себебі, қадимшілер мен діни фанатизм өкілдері тарапынан кедергілер туындап отырды.

Жәдиттердің көсемі Исмаил Гаспринскийдің Ресей империясындағы мұсылмандардың санасын модернизациялау идеялары халық арасына кең тарады. 1893 жылы Исмаил Гаспринский Түркістанға келді. Түркістанның ірі қалаларын аралап, ол прогрессивті зиялылармен кездесіп, жәдит мектептерінің маңыздылығы туралы айтты. Ресей билігі бұл діни-ағартушылық модернизацияны қолдады. Соның негізінде Исмаил Гаспринский идеяларына сүйене отырып, жәдитшілер жаңа әдіс мектептерін ашып, ескі оқу әдісінің орнына жаңа оқыту әдісін қолдана бастады. Ол бойынша мектептерде діни пәндермен қатар зайырлы пәндер оқытылды. Жәдитшілер мен олардың мектептері бұқараны ағарту және саяси сананы көтеруде маңызды рөл атқарды. Аймақтағы алғашқы жәдит мектебін 1898 жылы Қоқанда Салохуддин Домла ашты. Сол жылы Тоқмақта жәдит мектебі ашылды. 1899 жылы Ташкенттегі Маннон Қори және Әндіжандағы Шамсиддин Домла бұл бастаманы қолдады. 1900 жылдан бастап Түркістандағы жаңа әдіс мектептерінің желісі біртіндеп кеңейді. Ташкент, Самарқан және Қоқан жәдит мектептері ірі орталықтарға айналды. 1910 жылға қарай Түркістанда, аймақтың әртүрлі аудандарында шамамен 50 осындай мектеп құрылды [Алимова, 1999: 4-6]. Жаңа әдіспен мектептерде жаңа, ағартушылық интеллигенция қалыптасты. Жәдит мектептерінің түлектері Абдурауф Фитрат, Садриддин Айни, Абдулла Авлони, Муминжан Мұхаммеджан-оғлы, Файзулла Ходжаев, және басқалары оқу-ағарту жүйесінде жанқиярлықпен еңбек етті [Худайкулов, 1995: 5-9].

Жәдитшілік идеялары Түркия тарапынан да қолдау тапты. Сол кезеңде Түркияда да зайырлы білім беру жүйесі енгізіліп, батыстық реформаторлық бағыт белсенді түрде дамып жатқан еді. Осы ықпалдың нәтижесінде Жәдитшілік тек Осман империясының шеңберінде ғана емес, бүкіл түркі әлемінде жылдам тарады. Ресей империясында орыс әкімшілігінің, жергілікті билік құрылымдарының және діни консерваторлардың қысымдарына қарамастан, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап Жәдитшілік қозғалысы халықты экономикалық, әлеуметтік және мәдени тоқыраудан шығару, қоғамның құрылымдық негіздерін жаңарту сияқты маңызды мақсаттарды алға қойған прогрессивті, ағартушылық-реформаторлық бағыт ретінде орнықты.

Жәдитшілер қозғалысының жетекшілері Түркістанның әрбір өңірінде белсенді болды. Ташкентте – Мунаввар қары Абдурашидханов, Абдулла Авлони, Убайдулла Ходжаев; Самарқанда – Махмудходжа Бехбуди, Абдукадыр Шақури, Сайдахмад Сиддики-Аджди; Бұхарада – Абдурауф Фитрат, Файзулла Ходжаев, Садриддин Айни; Ферғанада – Хамза, Ибрат, Чулпан; ал Хиуада –

Палваннияз Қожа Юнусов пен Баба Ахун Салимов сияқты тұлғалар жәдитшілдікті дамытуда көшбасшы болды. Олар тек Түркістанда жаңа әдіспен оқытатын мектептер ашумен шектелмей, жастарды Ресей, Түркия, Мысыр және Батыс Еуропаның беделді жоғары оқу орындарына жіберуге бастамашы болды. Жәдитшілер жастарды білім алуға, зайырлы ғылымдарды игеруге шақырып, дәрігер, инженер, заңгер, агроном, діни қайраткер немесе мемлекет қызметкері ретінде өз халқы мен Отанына адал қызмет етуді басты міндет деп санады.

Жоғарыда аталған ағартушылардың ішінен Осман мемлекетіне жіберілген жастар арасында жәдитшілік қозғалысының болашақ идеологы және көрнекті өкілі Абдурауф Фитрат та болды. Ол алғашқы білімін дәстүрлі ескі әдістемелік мектеп пен медреседе алған. Талантты және прогрессивті ойлайтын жас ретінде көзге түскен соң, жәдитшілер оны Ыстамбұлға оқуға жібереді. 1908-1913 жылдары Ыстамбұлда жүрген Фитрат түрік революциясының алғашқы қадамдарының, ескі жүйенің әлсіреуі мен жаңашыл реформалардың куәсі болды. Ол Түркиядағы саяси-элеуметтік өзгерістерді талдай отырып, Бұхарадағы артта қалушылықтың негізгі себебі – халық арасындағы діни фанатизм және сауатсыздық екенін түсінді. Фитраттың ойынша, еңбекші халықтың тұрмысын жақсарту үшін ең алдымен олардың «көсемдері» болып саналатын надан дінбасылардың қараңғылығымен күресу қажет еді. Ол Ыстамбұлда жазған еңбектерінде Бұхара әмірлігіндегі реакциялық дін иелерінің іс-әрекеттерін, саяси жүйенің артта қалған тұстарын ашық сынға алды. Бұл еңбектер жас буынға зор ықпал етіп, олардың сана-сезімін оятты [Исмаилов, Базарбаев 2013: 45-48].

Жәдиттердің халықаралық байланыстары өте кең әрі мазмұнды болды. Олар Ресей, Түркия, Мысыр және басқа да мұсылман елдеріндегі жәдиттік қозғалыстардың бағдарламаларымен танысып қана қоймай, өзара саяхаттар, басқосулар және сұхбаттар арқылы тәжірибе алмастырды. 1905-1906 жылдардағы Ресейдегі революциялық оқиғалар Түркістан аймағына да ықпал етіп, жергілікті прогрессивті күштердің бірігуіне мүмкіндік берді. Осы кезеңнен бастап жәдиттердің ағартушылық қызметі жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тек жаңа әдістемелік мектептердің ашылуынан ғана емес, сонымен қатар ұлттық баспасөздің қалыптасуынан, жаңа газет пен журналдардың жарыққа шығуынан көрінді. Ұлттық мерзімді басылымдар халық арасында білім тарату, қоғамдық пікір қалыптастыру және реформалық идеяларды насихаттаудың басты құралына айналды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XIX-XX ғасырлардың тоғысында Осман мемлекеті мен Орта Азия халықтары арасында білім беру мен оқу-ағарту саласында ауқымды байланыстар қалыптасып дамыды. Салыстырмалы талдаулар бұл пікірді толық қуаттайды және жоғарыда келтірілген тарихи деректер мен нақты фактілер осы байланыстардың шынайы әрі ауқымды болғанын дәлелдейді. Аталған бағыттағы ынтымақтастықты дамытқан негізгі түркі-мұсылман халықтарына өзбектер, түрікмендер, қазақтар, татарлар, сарттар, тәжіктер, ауғандар және басқа да қауымдар жатты. Бұл халықтардың бастамасымен аймақта білім беру ісі жаңғырып, өзара ықпалдастық жаңа деңгейге көтерілді. Аймақ халықтарының арасында жүргізілген оқу-ағарту саласындағы байланыстарының негізінде мұсылмандық білім жүйесі дамыды. Білім беру орындары көбіне Ислам қағидаттарын үйретумен және оларды таратуымен ерекшеленді. Бұл саладағы ынтымақтастық пен байланыстар түркі-мұсылман халықтары арасындағы діни бірлік, ортақ мәдениет және тарихи тамырластық ағартушылық қозғалыстардың дамуына қуатты серпін берді. Түркістан мен Дала өлкесінде және жалпы Орта Азияда кең тараған Ясауилік пен Нақшбандия ілімдері әуелде қарапайым сауаттылықтың, кейіннен жүйелі ислами білімнің негізгі орталықтарына айналды.

Басты қорытындылардың бірі – мәдениеті мен этникалық бірлігі жақын болған халықтардың арасында оқу-ағарту және білім беру ісін дамытуда Жәдитшіліктің орны мен қызметі ерекше болды. Бұл идеологияның Осман империясы мен Ресейдің түркі-мұсылман халықтарының арасында таралып және тез қолдауға ие болуы қалыптасқан саяси-идеологиялық көзқарастың жақын екенін, сондай-ақ мәдени-рухани ықпалдастықтың жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, жәдиттік ағартушылықтың Осман мемлекетінде және Орта Азия халықтарында кең таралуы мен қолдануы түркі халықтарының санасының жаңғырғанын дәлелдейді. Анадолы мен Орта Азия халықтары арасындағы оқу-ағарту саласындағы өзара ынтымақтастық пен ықпалдастық өзінің кеңдігімен ерекшеленіп ол болашақта кеңестік замандағы коммунистік режимнің түрлі идеологиялық қысымдарына қарамастан, түркі халықтарының санасында рухани, мәдени және түркілік идеялардың жойылмай сақталуына негіз қалады.

Деректер

BOA – Başbakanlık Osmanlı Arşivi

КРОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві.

Әдебиеттер

Абдукадыров, Мулдахметова, 2022 – *Абдукадыров Н.М., Мулдахметова Ж.И.* Осман империясының Орта Азиядағы саясатының рухани-идеологиялық бағыттары. (XX ғ. басы) // *Bulletin of history.* №1 (104). 2022. 160–170-бб. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.18>

Абдукадыров және басқалар, 2024 – *Абдукадыров Н.М. Найманбаев Б.Р., Калдыбаева С.С.* Осман империясы мен Орта Азия халықтары арасында мәдени және рухани байланыстардағы Қажылықтың рөлі // *Bulletin of history.* № 2 (113). 2024. 132–143-бб. <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-011>

Алимова, 1999 – Алимова Д.А. Единство просвещения, знания и этики поведения // *Ўзбекистон тарихи.* 1999. № 2. С. 3–8.

Ахмедов, 1996 – *Ахмедов Ф.* Алаш «Алаш» болғанда. Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы: Жалын, 1996. 224 б.

Барсукова, 1993 – *Барсукова О.В.* Конституционное движение в Османской империи // *Практикум по новой истории стран Азии.* М., 1993. С. 17–24

Васильев, 2014 – *Васильев А.Д.* «Знамя и меч от падишаха». Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.). М.: Институт Восток. РАН; Пробел-2000, 2014. 354 с.

Желтяков, Петросян, 1965 – *Желтяков А.Д., Петросян Ю.А.* История просвещения в Турции (конец XVIII начало – XX вв.). Отв. ред. А.Н. Кононов. М.: Наука. Гл. ред. вост. лит., 1965. 176 с.

Исмаилов, Базарбаев 2013 – *Исмаилов А.И. Базарбаев К.К.* Джадидизм – история просветительского движения и свободомыслия в Средней Азии, конец XIX – начало XX века // *Былые годы.* 2013. № 1 (27). С. 44–51

Құдайбердиев, 1988 – *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1988. 560 б.

Мухаметшин, Абашинов 2011 – *Мухаметшин Ф.М., Абашинов С.Н.* Россия – Средняя Азия: Политика и ислам в конце XVIII – начале XX вв. М.: ЛЕНАНД, 2011. 472 с.

Сулейманова, 2017 – *Сулейманова С.Ю.* Зарождение идеологии тюркизма на стыке XIX-XX вв // *Science Review* (7). 2017. Vol. 5. С. 52–57.

Хазретәлі және басқалар, 2017 – *Хазретәлі Тұрсұн, Исин Амантай, Вахдет Таракчы.* Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы // *ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.* 2017. № 1 (84). 56–65-бб.

Худайкулов, 1995 – Худайкулов А.М. Просветительская деятельность джадидов Туркестана (конец XIX – начало XX вв.) Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Ташкент: Фан, 1995. 24 с.

Bakır, 1963 – *Bakır Mehmet.* “Buhara Tekkesi ve Mescidi”, – İstanbul Ansiklopedisi, İstanbul 1963, 309 s.

Becker, 1932 – *Becker Carl Heinrich.* Islamstudien: vom Werden und Wesen der islamischem Welt. Wiebelsheim: Quelle & Meyer Verlag 1932. 532 p.

Çetin, 2017 – *Çetin Nursulu.* Стамбұлдағы Түркістан теккелері. Тerc. Prof. Dr. Nursulu Çetin (Türkçeden Kazakçaya). İstanbul'daki Türkistan Tekkeleri, Komisyon, Ed. Prof. Dr. Ahmet Emre Bilgili. İstanbul. 2017, 294 s.

Hurgronje, 1901 – *Hurgronje C.S.* Les confreries religieuses, la Mecque, et le Panislamisme // *Revue de Phistoire des religions.* 1901. Vol. 44. Pp. 262–281

İnalçık, 2017 – *İnalçık Halil.* Osmanlılar – Fütühat, İmparatorluk, Avrupa ile İlişkiler. İstanbul, Timaş Yayınları, 2017, 320 s.

Karataşer, 2017 – *Karataşer B.* Sultan II. Abdülhamid dönemi eğitim politikası hakkında bir değerlendirme // *The Journal of Academic Social Science Studies,* 2017. № 57. Pp. 423–434

Karpat, 1972 – *Karpat H. Kemal.* The Transformation of the Ottoman State, 1789-1908 // *International Journal of Middle East Studies.* 1972. № 3. Pp. 243–281

Khalid, 1999 – *Khalid Adeb.* The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press, 1999. 335 p.

Landau, 1990 – *Landau M. Jacob.* The Politics of Pan-Islam: Ideology and Organization. – New York: Clarendon Press of Oxford University Press. 1990. 438 p.

Lysenko, 2018 – *Lysenko A. Yuliya.* The discussion between central and regional Authorities on the topic of the affiliation of Muslim schools in Turkestan (the late half of the 19th - The beginning of the 20th centuries) // *Bylye Gody.* 2018. 48(2). Pp. 759–767.

Lysenko, 2019 – *Lysenko A. Yuliya.* The Activities of Turkish Agents in the Central Asian Borderlands of the Russian Empire in the early XX century according to the Materials of the Reports of the Officer on Special Assignments of the Ministry of Interior L. Naumov // *Bylye Gody.* 2019. Vol. 53. Is. 3. Pp. 1373–1382.

Macit, 2009 – *Macit A.* “Osmanlı Devleti ile Hokand Hanlığı Münasebetleri” // İLEM Yıllık. 2009. Yıl 4. Sayı 4. Ss. 67–81

Saray, 2000 – *Saray Mehmet.* Hanlıklar Döneminde Osmanlı Devleti'nin Türkistan Siyaseti // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. 2000. Sayı IV. Ss. 17–20.

Uzunçarşılı, 2000 – *Uzunçarşılı İsmail Hakkı.* Midhad Paşa ve Yıldız Mahkemesi. – Ankara: Türk Tarih Kurumu 2000. 409 s.

Yalçınkaya, 1997 – *Yalçınkaya A.* Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. İstanbul: Timaş Yayınları 1997. 480 s.

Sources

BOA – Başbakanlık Osmanlı Arşivi [Prime Ministry Ottoman Archives]

QROMA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq Memlekettik Arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan].

References

Abdukadyrov, Muldahmetova, 2022 – *Abdukadyrov N.M., Muldahmetova J.I.* Osman imperiyasynyñ Orta Aziadagy saiyasatynyñ ruhani-ideologiyalyq bagyttary. (XX g. basy) [Spiritual and Ideological Directions of the Politics of the Ottoman Empire in Central Asia (early XX c.)]. *Bulletin of history.* № 1 (104). 2022. Pp. 160–170. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.18> [in Kazakh]

Abdukadyrov jane basqalar, 2024 – *Abdukadyrov N.M. Naimanbaev B.R., Kaldybaeva S.S.* Osman imperiasy men Orta Azia halyqtary arasynda madeni jane ruhani bailanystardagy Qajylyqtyn roli [The role of Hajj in cultural and spiritual ties between the Ottoman Empire and the peoples of Central Asia]. *Bulletin of history.* № 2 (113). 2024. Pp. 132–143 <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-011> [in Kazakh]

Ahmedov, 1996 – *Ahmedov Ğ.* Alash «Alash» bolğanda. Estelikter men tarihi derekter [When Alash became "Alash". Memories and historical data]. Almaty: Jalyn, 1996. 224 p. [in Kazakh]

Alimova D.A. Edinstvo prosveshcheniya, znaniya i etiki povedeniya [Unity of Education, Knowledge, and Ethics of Behavior]. *Uzbekiston tarihi.* 1999. № 2. Pp. 3–8. [in Russian]

Bakır, 1963 – *Bakır Mehmet.* “Buhara Tekkesi ve Mescidi”, - İstanbul Ansiklopedisi [“Bukhara Tekke and Mosque”, - İstanbul Encyclopedia]. İstanbul 1963, 309 s. [in Turkish]

Barsukova, 1993 – *Barsukova O.V.* Konstitutsionnoe dvizhenie v Osmanskoi imperii [The Constitutional Movement in the Ottoman Empire]. *Praktikum po novoi istorii stran Azii.* M., 1993. Pp. 17–24. [in Russian]

Becker, 1932 – *Becker Carl Heinrich.* Islamstudien: vom Werden und Wesen der islamischem Welt. Wiebelsheim: Quelle & Meyer Verlag 1932. 532 p.

Çetin, 2017 – *Çetin Nursulu.* Stambuldağy Türkistan tekkeleri [Turkestan Tekkes in Istanbul]. Terc. Prof. Dr. Nursulu Çetin (Türkçeden Kazakçaya). İstanbul'daki Türkistan Tekkeleri, Komisyon, Ed. Prof. Dr. Ahmet Emre Bilgili. İstanbul. 2017. 294 p. [in Kazakh]

Hazretäli jäne basqalar, 2017 – *Hazretäli Türsün, İsin Amantai, Vahdet Tarakchy.* Qazaq-türk mädeni bailanystaryndağy Şäkärım Qüdaiberdiüly. [Shakarım Kudaiberdiuly in Kazakh-Turkish cultural relations]. *QazÜU Habarshysy. Tarih seriasy.* 2017. №1 (84). Pp. 56–65. [in Kazakh]

Hudaykulov A.M. Prosvetitel'skaya deyatelnost dzhadidov Turkestana (konec XIX – nachalo XX vv.) [Educational Activities of the Jadids of Turkestan (late 19th – early 20th centuries)]. Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. Tashkent: Fan, 1995. 24 p. [in Russian]

Hurgronje, 1901 – *Hurgronje C.S.* Les confreries religieuses, la Mecque, et le Panislamisme. *Revue de Phistoire des religions.* 1901. Vol. 44. Pp. 262–281

İnalçık, 2017 – *İnalçık Halil.* Osmanlılar – Fütühat, İmparatorluk, Avrupa ile İlişkiler [The Ottomans – Conquests, Empire, Relations with Europe]. İstanbul, Timaş Yayınları, 2017. 320 p. [in Turkish]

İsmailov, Bazarbaev 2013 – *İsmailov A.I. Bazarbaev K.K.* Dzhadidizm – istoriya prosvetitel'nogo dvizheniya i svobodomisliya v Srednei Azii, konets XIX – nachalo XX veka. [Jadidism – the history of the enlightenment movement and freethinking in Central Asia, late 19th – early 20th centuries]. *Bylye Gody.* 2013. № 1 (27). Pp. 44–51. [in Russian]

Karataşer, 2017 – *Karataşer B.* Sultan II. Abdülhamid dönemi eğitim politikası hakkında bir değerlendirme [An evaluation of education policy during the reign of Abdülhamid.]. *The Journal of Academic Social Science Studies.* 2017. № 57. Pp. 423–434. [in Turkish]

Karpat, 1972 – *Karpat H. Kemal.* The Transformation of the Ottoman State, 1789-1908. *International Journal of Middle East Studies.* 1972. № 3. Pp. 243–281

Khalid, 1999 – *Khalid Adeb.* The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press, 1999. 335 p.

Qudaiberdiev, 1988 – *Qudaiberdiev, Sh.* Shygarmalary: ölüder, dastandar, qara sözder [Works: poems, epics, proverbs]. Almaty: Jazushy, 1988. 560 p. [in Kazakh]

Landau, 1990 – *Landau M. Jacob.* The Politics of Pan-Islam: Ideology and Organization. New York: Clarendon Press of Oxford University Press. 1990. 438 p.

Lysenko, 2018 – *Lysenko A. Yuliya*. The discussion between central and regional Authorities on the topic of the affiliation of Muslim schools in Turkestan (the late half of the 19th - The beginning of the 20th centuries). *Bylye Gody*. 2018. 48(2). Pp. 759–767.

Lysenko, 2019 – *Lysenko A. Yuliya*. The Activities of Turkish Agents in the Central Asian Borderlands of the Russian Empire in the early XX century according to the Materials of the Reports of the Officer on Special Assignments of the Ministry of Interior L. Naumov. *Bylye Gody*. 2019. Vol. 53. Is. 3. Pp. 1373–1382.

Macit, 2009 – *Macit A.* Osmanlı Devleti ile Hokand Hanlığı Münasebetleri ["Relations between the Ottoman Empire and the Khanate of Kokand"]. *İLEM*. 2009. Sayı 4. Pp. 67–81.

Mukhametshin, Abashin, 2011 – *Mukhametshin F.M., Abashin S.N.* Rossiya – Srednyaya Aziya: Politika i islam v kontse XVIII – nachale XX vv. [Russia – Central Asia: Politics and Islam in the Late 18th – Early 20th Centuries]. M.: LENAND, 2011. 472 p. [in Russian]

Saray, 2000 – Saray M. Hanliklar Döneminde Osmanlı Devleti'nin Türkistan Siyaseti [Ottoman State's Turkestan Policy During the Khanate Period]. *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*. 2000. Sayı IV. Pp. 17–20. [in Turkish]

Suleimanova, 2017 – *Suleimanova S.Yu.* Zarozhdenie ideologii tyurkizma na stike XIX-XX vv. [The Emergence of Turkic Ideology at the Turn of the 19th and 20th Centuries]. *Science Review* (7). 2017. December. Vol. 5. Pp. 52–57. [in Russian]

Uzunçarşılı, 2000 – *Uzunçarşılı İsmail Hakkı*. Midhad Paşa ve Yıldız Mahkemesi [Midhad Pasha and the Yıldız Court]. Ankara: Türk Tarih Kurumu 2000. 409 p. [in Turkish]

Yalçınkaya, 1997 – *Yalçınkaya Alaeddin*. Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze [Turkestan in the Light of Colonialism and Pan-Islamism, 1856 to the Present]. İstanbul: Timaş Yayınları 1997. 480 p. [in Turkish]

Vasilev, 2014 – *Vasilev A.D.* «Znamya i mech ot padishakha». Politicheskie i kulturnie kontakti khanstv Tsentralnoi Azii i Osmanskoi imperii (seredina XVI – nachalo XX vv.). [Political and Cultural Contacts between the Khanates of Central Asia and the Ottoman Empire (mid-16th – early 20th centuries)]. M.: Institut Vostok. RAN; Probel–2000, 2014. 354 p. [in Russian]

Zheltyakov, Petrosyan, 1965 – *Zheltyakov A.D., Petrosyan Yu.A.* Istoriya prosveshcheniya v Turtsii (Konets XVIII nachalo-XX vv.). Otv. red. A.N. Kononov [History of the Enlightenment in Turkey (late 18th – early 20th centuries)]. M.: Nauka. Gl. red. vost. lit., 1965. 176 p. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
